

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 757 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 11 қазандағы
№ 757 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Қайтыс болған немесе қаза тапқан судьялар мен судья қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлерді жерлеу үшін біржолғы ақшалай өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 ақпандағы № 156 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 11, 60-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қайтыс болған немесе қаза тапқан судьялар мен судья қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлерді жерлеу үшін біржолғы ақшалай өтемақы төлеу ережесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өтемақы алу үшін оны алуға құқығы бар адамдар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы немесе оның судьясы қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткер қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кадр қызметіне, жергілікті немесе басқа соттың судьясы немесе оның судьясы қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткер қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың соттар әкімшілерінің кадр қызметіне (бұдан әрі – кадр қызметі) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес өтінішпен мынадай құжаттарды ұсына отырып өтініш береді:".

2. "Сот приставтары қару-жарағына кіретін арнаулы құралдардың тізбесін және оларды бөлу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 шілдедегі № 663 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген сот приставтары қару-жарағына кіретін арнаулы құралдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың соттар әкімшілерінің сот приставы".

3. "Судьяға қызметтік міндеттерін орындауына байланысты мерткікен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған, кәсіби ауруға шалдыққан) немесе қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 сәуірдегі № 336 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 13, 152-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Судьяға қызметтік міндеттерін орындауына байланысты мерткікен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған, кәсіби ауруға шалдыққан) немесе қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия судьяның қызметтік міндеттерін орындауына байланысты мерткікенін (жарақаттанғанын, жараланғанын, контузия алғанын, кәсіби ауруға шалдыққанын) немесе қаза табу (қайтыс болу) фактісін растайтын қорытындыны қабылдаған сәттен бастап Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың сот әкімшілерінің кадр қызметі (бұдан әрі – кадр қызметі) күнтізбелік 7 күн ішінде біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адамдарды осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес мынадай құжаттарды ұсына отырып, біржолғы өтемақы төлеуге өтінішті беру қажеттілігі туралы жазбаша хабардар етеді:".